

[9] деген жолдарды визуалды шешімдер арқылы беру поэзияның эмоциялық қуатын жаңа деңгейде қабылдануға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл поэтикалық мәтінді қазіргі жас аудиторияға жақындатудың бір жолы болып табылады. Осы мысалдардан көретініміз, қазақ әдебиетіндегі комикс пен графикалық романның көркемдік мүмкіндіктері кеңейіп келеді: тарихи және эпостық шығармаларды визуалды түрде көрсету оқырманға мәтінді терең түсінуге, кейіпкер психологиясын сезінуге мүмкіндік береді, сондай-ақ шығарманың эмоциялық әсерін күшейтеді.

#### **Білім беру тәжірибесіндегі маңызы**

Комикс форматы әдеби шығармаларды оқытуда тиімді құрал ретінде қолданылып келеді. Эпостық мәтіндерді немесе тарихи тұлғаларды 5–6 кадрдан тұратын визуалды құрылымға айналдыру оқушының елестету қабілетін белсендіреді, мәтінді терең түсінуге ықпал етеді.

Бұл интермедиялды тәсіл әдебиет пәнінің функционалды сапаттылықты арттыру мақсатымен де үндеседі.

#### **Қорытынды**

Қазақ әдебиетіндегі визуалды мәтіндер, соның ішінде комикс пен графикалық роман жанрлары ұлттық әдебиеттің заманауи көркемдік дамуын көрсететін маңызды құрал болып табылады. Жүргізілген талдау олардың бастапқыда классикалық мәтіндерді визуалды бейімдеу формасында көрінгенімен, қазіргі кезеңде құрылымдық-композициялық жүйесі айқындалған, авторлық концепцияға негізделген, дербес нарративтік модель қалыптастырып келе жатқанын көрсетті. Бұл үрдіс жанрдың қазақ әдеби кеңістігінде біртіндеп институционалданып, әдеби жүйенің құрамдас бөлігіне айналып келе жатқанын аңғартады.

Комикс пен графикалық роман қазақтың тарихи, эпостық, поэзиялық және өмірбаяндық туындыларын оқырманға визуалды түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Алайда визуалды формат мәтінді тек ықшамдап қана қоймай, кадрлық құрылым, кеңістік пен уақытты ұйымдастыру тәсілдері, символдық бейнелер жүйесі арқылы ұлттық нарративтің мағыналық өрісін кеңейтеді. Соның нәтижесінде тарихи және эпостық мазмұн жаңа интерпретациялық деңгейде қабылданып, семиотикалық тұрғыдан күрделене түседі.

Қазіргі қазақ комикстері мен графикалық романдары ұлттық тарихты, мифологиялық және әдеби мұраны заманауи визуалды тіл арқылы қайта пайымдауға, жас аудиторияны тартуға және мәдени кодты сақтай отырып ұрпақаралық сабақтастықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мәтін мен бейне арасындағы семиотикалық синтез кейіпкер психологиясын бейнелеуде, эмоционалды күйді нақтылауда және тарихи-саяси оқиғаларды интерпретациялауда маңызды қызмет атқарады. Визуалды кодтар вербалды баяндаумен өзара ықпалдасып, оқырманның рецептивтік тәжірибесін тереңдетеді.

Осы зерттеу қазақ әдебиетіндегі комикс пен графикалық романдардың көркемдік, психологиялық және тарихи аспектілерін кешенді талдау арқылы олардың тек бейімдеуші форма емес, ұлттық мәдени кодты заманауи интермедиялды кеңістікте жаңғыртатын дербес жанрлық жүйе ретінде қалыптасып келе жатқанын дәлелдейді. Визуалды мәтіндердің кеңейіп келе жатқан мүмкіндіктері ұлттық әдебиеттің жаңа формаларын зерттеу мен дамытуда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді.

Комикс пен графикалық роман қазақ әдебиетінде тек көркемдік тәжірибе ғана емес, сонымен қатар ұлттық мәдениетті насихаттаудың, тарихи сананы жаңғыртудың және әдебиетті интермедиялды кеңістікте дамытудың тиімді құралы ретінде қарастырылуы тиіс.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Баймұхамбетов С. *Қазақ комиксінің тарихы және дәстүрі*. Алматы: «Ұлттық кітапхана баспасы», 2019. – 180 б.
2. Сұлтанова Г. *Графикалық романдардағы кейіпкер психологиясы*. Алматы: «Қазақ университеті баспасы», 2020. – 142 б.
3. Нұрпейісов Ә. *Қан мен тер*. Алматы: «Атамұра», 2015. – 960 б.
4. Әуезов М. *Қорғансыздың күні*. Алматы: «Атамұра», 2003. – 277 б.
5. Толстой Л.Н. *Соғыс және бейбітшілік*. Қазақша аударма. Алматы: «Фолиант», 2000. – 1240 б.
6. Бегманов К. *Экспедициядан кейінгі өмір: Деректі публицистика*. Алматы: «Абай» баспасы, 2021. – 400 б.
7. Еркін Е., Тілеуберді А. *Ер Төстік: қазақ ертегілері комиксте*. Алматы: «Балапан», 2015. – 128 б.
8. Ораз Н., Мырзахмет Д. *Күлтегін: тарихи тұлғаны визуалдау*. Алматы: «Аруна», 2018. – 96 б.
9. Мақатаев М. *Өлеңдер мен поэзия*. Алматы: «Ана тілі», 2005. – 256 б.

**Айдос А.А.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, философия және психология факультеті, П-24-1к топ, студент  
(*Ғылыми жетекші- Саясаттану магистрі, аға оқытушы Булумбаев О.Р.*)

### **ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ САЯСИ БЕЛСЕНДІЛІГІ: ТІК ТОК ПЕН INSTAGRAM-НЫҢ ӘСЕРІ**

Саяси қатысу формалары ХХІ ғасырда институционалды кеңістіктен цифрлық коммуникациялық ортаға ауысты. Ақпараттық технологиялардың дамуы билік пен қоғам арасындағы қатынасты

делдалсыздандырды: азамат пен саяси актор арасындағы байланыс дәстүрлі БАҚ арқылы емес, әлеуметтік желілер арқылы орнай бастады. М.Кастельс желілік қоғам жағдайында билік коммуникацияны бақылау қабілетімен анықталатынын көрсетеді [1, 5–11 б.]. Осыған байланысты саяси әлеуметтену механизмі де өзгерді.

Қазақстанда бұл өзгеріс әсіресе жастар арасында байқалады. 14–29 жас аралығындағы азаматтардың басым бөлігі саяси ақпаратты теледидардан емес, интернет платформаларынан алады. ҚР Ұлттық статистика бюросының дерегі бойынша жастардың 89%-ы күн сайын интернет қолданады [3, 22 б.]. Демек, жастардың саяси санасының қалыптасуы жана медиалық ортада жүреді.

Зерттеуімнің мақсаты — Қазақстандағы жастардың саяси белсенділігіне TikTok пен Instagram платформаларының ықпал ету механизмдерін анықтау.

Міндеттері:

- жастардың цифрлық медианы қолдану құрылымын талдау;
- саяси ақпараттың таралу ерекшеліктерін анықтау;
- Қаңтар оқиғасы мен студенттік реакция мысалында әлеуметтік желінің мобилизациялық рөлін көрсету;
- әлеуметтік желілердің манипулятивтік әсерін бағалау.

Зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылды. Теориялық деңгейде салыстырмалы талдау, индукция және дедукция әдістері пайдаланылды. Цифрлық саяси қатысу тұжырымдамалары мен желілік қоғам теориясы қарастырылды.

Эмпирикалық база ретінде:

- ҚР статистика бюросының деректері,
- DataReportal халықаралық цифрлық есебі,
- Freedom House және Reuters Institute зерттеулері,
- 2022 жылғы Қаңтар оқиғалары бойынша ресми ақпарат,
- Instagram-дағы саяси ұйымдардың жарияланымдары алынды.

Әдістерді таңдауымның себебі — жастардың саяси мінез-құлқы онлайн ортада қалыптасатындықтан, дәстүрлі сауалнама жеткіліксіз, сондықтан медиаконтентті талдау қолданылды.

Цифрлық платформалар саяси коммуникацияның негізгі алаңына айналды. Қазақстанда 2024 жылы интернет қолданушылар саны 17,7 млн адамға жетіп, халықтың 92,3%-ын құрады [2, 4 б.]. Әлеуметтік желілердің ішінде Instagram ең кең тараған: пайдаланушылар саны 12 млн-нан асады, ал TikTok аудиториясы 14 млн адамға жуық [2, 10 б.].

Бұл көрсеткіштер жастардың саяси ақпаратты қайдан алатынын түсіндіреді. Reuters Institute зерттеуі жастардың 60%-дан астамы жаңалықты ең алдымен әлеуметтік желіден алатынын көрсетеді [4, 39 б.]. Осылайша әлеуметтік желі ақпарат көзі ғана емес, саяси көзқарас қалыптастыру ортасына айналды.

Алгоритмдік таспа (recommendation feed) пайдаланушы бұрын көрген контентке ұқсас материалды қайта ұсынады. Егер жас азамат протестік немесе сыншыл мазмұнды бір рет қараса, платформа оған ұқсас ондаған видеоны көрсетеді. Осыдан «ақпараттық көпіршік» пайда болады — адам балама пікірді көрмейді [5, 112 б.].

Нәтижесінде саяси көзқарас талдау арқылы емес, эмоция арқылы қалыптасады. Қысқа видеолар күрделі реформаларды қарапайым «жақсы — жаман» деңгейіне түсіреді.

Қаңтар оқиғасы және онлайн мобилизация:

2022 жылғы Қаңтар оқиғаларын еске алсақ әлеуметтік желілердің мобилизациялық рөлін айқын көрсетеді. Интернет уақытша өшірілгенге дейін наразылық туралы ақпарат ең алдымен Telegram, Instagram және TikTok арқылы тарайды. Көптеген қалаларда адамдар митинг уақыты мен орнын дәл осы платформалардан білді.

Алматы мен өзіміздің Қарағандыда студенттер ақпаратты WhatsApp және Instagram стористері арқылы бөліскен. Университет чаттарында жиналу орындары жарияланған. Бұл классикалық ұйымдастыру емес, желілік координация болды. Freedom House есебі Қазақстанда наразылық кезеңінде әлеуметтік желілер негізгі ақпарат арнасына айналғанын көрсетеді [6, 14 б.]. Ресми ақпарат кеш жарияланғандықтан, жастар альтернативті дереккөздерге сенді. Нәтижесінде ақпарат тек хабар тарату емес, мінез-құлықты ынталандыру құралына айналды.

Қарағанды қаласында да студент жастар арасында саяси талқылаулар күрт артқан болатын. 2022 жылдың қаңтарында Instagram-дағы жергілікті пабликтерде (qaragandy\_live типіндегі қалалық аккаунттар) жарияланымдарға пікір саны бірнеше есе көбейгені байқалды. Бұл цифрлық кеңістіктің офлайн реакцияға әсер ететінін көрсетеді.

Instagram-дағы саяси ұйымдар және «Amanat» тәжірибесі жайлы айтатын болсам

Әлеуметтік желілерді тек азаматтар ғана емес, саяси институттар да белсенді қолданады. «Amanat» партиясының Instagram-дағы ресми аккаунтында тұрақты түрде жастарға бағытталған контент жарияланады: волонтерлік акциялар, гранттар, жастар жобалары, қоғамдық қабылдаулар.

Бұл коммуникацияның басты мақсаты — саяси легитимацияны цифрлық кеңістікте қалыптастыру. Яғни партия жастармен дәстүрлі жиналыс арқылы емес, әлеуметтік желі арқылы байланыс орнатады. Посттарға қалдырылған пікірлерде жастар тікелей сұрақ қойып, жауап алады. Осылайша әлеуметтік желі саяси қатысудың жаңа формасын — «цифрлық қатысуды» қалыптастырады.

Цифрлық платформалардың жастарға әсері тек оң бағытта ғана емес, бірқатар теріс салдарды да тудырады.

Біріншіден, әлеуметтік желіде таралатын ақпараттың шынайылығы күмәнді. Алгоритмдер эмоционалды контентті басым етеді, сондықтан жас пайдаланушы нақты фактілерді емес, субъективті немесе манипулятивтік пікірлерді қабылдауы мүмкін [5, 118–120 б.]. Бұл жастардың саяси санасына әсер етеді: кейде бар нәрсе жоқ болып, кейде жоқ нәрсе бар болып көрінеді.

Екіншіден, платформада жалған немесе арандатушы ақпарат кең тарайды. Мысалы, Қаңтар оқиғасы кезінде Instagram және TikTok-та кейбір видео мен хабарламалар шынайы оқиғаларды бұрмалап көрсеткені анықталды. Қарағанды қаласындағы студенттердің топтарында тараған кей контент шындыққа сәйкес келмеді, бірақ жастар арасында дүрбелең туғызды. Нәтижесінде, платформалар жастардың саяси белсенділігін арттырғанымен, оларды манипуляциялаудың да ықпалын күшейтті.

Үшіншіден, әлеуметтік желілер жеке пікір қалыптастыруға кедергі келтіруі мүмкін. Алгоритмдік «көпіршік» пайдаланушыға тек оған ұнайтын немесе бұрын қараған контентті көрсетеді, нәтижесінде альтернативті көзқарас көрінбей қалады [5, 112–114 б.]. Бұл әсіресе университет студенттерінің әлеуметтік топтарында байқалды: пікірталастар бір жақты ақпаратқа негізделіп, объективті бағалауды қиындатты.

Төртіншіден, жастар психологиялық қысымға ұшырауы мүмкін. Танымал аккаунттар мен хэштег-кампаниялар жастарға белгілі бір пікірді қабылдауға бағыттайды, бұл өзіндік саяси көзқарасты қалыптастыруға кедергі жасайды. Сонымен қатар, визуалды контент эмоциялық әсерді күшейтіп, жастардың шешім қабылдауын біржақты етеді.

Менің ойымша жастардың жалған ақпаратқа алданбауы үшін медиасауаттылық бағдарламаларын енгізу маңызды. Себебі қанша жерден жаңалықтарды мұқият қарап, тексеруге тырыссам да, өз тәжірибемде жалған немесе нақты емес ақпараттарға тап болған жағдайлар болды. Кейбір ақпараттар әлеуметтік желілерде сенімді және шынайы болып көрінгенімен, кейін олардың толық расталмағаны немесе бұрмаланғаны белгілі болды. Бұл жағдай цифрлық платформалардағы барлық ақпараттың бірдей сенімді емес екенін және оны қабылдамас бұрын бірнеше дереккөз арқылы тексеру қажеттігін көрсетті. Қазақстанда 2022–2023 жылдары мектептер мен университеттерде цифрлық сауаттылық сабақтары пилоттық түрде өткізілді, оның ішінде жаңалықтардың шынайылығын тексеру және фактчекинг әдістері үйретілді. DataReportal мәліметіне сәйкес, осы тренингке қатысқан жастардың 67%-ы әлеуметтік желідегі ақпараттың шынайылығын тексеруді үйренген [2, 44–46 б.]. Фактчекинг құралдары да маңызды рөл атқарады. Мысалы, TikTok-та «fact-check» белгісі бар видеолар, ал Instagram лентасында ресми дереккөздерден алынған ақпаратқа приоритет беріледі. Freerik және Reuters Institute зерттеулері көрсеткендей, фактчекинг сілтемелері бар контентпен танысқан жастардың 72%-ы ақпараттың шынайылығын тексеруге бейім [4, 51–53 б.].

Цифрлық платформаларда жалған ақпаратқа қарсы іс-қимыл тек жеке деңгейде ғана емес, институттық шаралар арқылы да жүзеге асады. Университеттерде өткізілген фактчекинг семинарлары мен тренингтер студенттерді онлайн контентті сыни тұрғыдан бағалауға үйретеді. Қарағандыдағы пилоттық зерттеу нәтижесінде фактчекинг әдістерін меңгерген студенттер жалған ақпаратқа алданып қалу ықтималдығын 45%-ға төмендеткен. Бұл тәжірибе жастарды әлеуметтік желілерде ақпаратты тексеріп, альтернативті көзқарастарды салыстыра білуге үйретудің тиімділігін көрсетеді.

Қортындылай келсем TikTok пен Instagram сияқты цифрлық платформалар Қазақстан жастарының саяси әлеуметтенуінде екіжақты рөл атқаратынын айқын көрсетеді. Бір жағынан, олар жастарға саяси ақпаратқа қолжетімділікті кеңейтіп, пікірталасқа қатысуға, қоғамдық бастамаларға тартып, офлайн мобилизацияға ықпал етеді. Мысалы, 2022 жылғы Қаңтар оқиғалары кезінде ақпараттың таралуы мен студенттердің ұйымдасуы дәл осы платформалар арқылы жүзеге асты, бұл әлеуметтік желілердің нақты саяси белсенділікке әсерін көрсетті. Екінші жағынан, алгоритмдік ерекшеліктер мен визуалды контенттің эмоциялық әсері жастардың саяси санасын манипуляциялауға мүмкіндік береді. Алгоритмдер эмоционалды және провокациялық ақпаратты басым көрсеткендіктен, қолданушылар балама көзқарасты көрмей, субъективті пікірге сүйеніп саяси шешім қабылдауы мүмкін. Сонымен қатар, жалған немесе бұрмаланған ақпараттың кең таралуы жастар арасында дүрбелең мен қате түсініктер туғызуы ықтимал.

Бұл екіжақты әсер медиасауаттылық, фактчекинг және цифрлық этика арқылы теңестірілуі тиіс. Қазақстандағы мектептер мен университеттерде пилоттық түрде жүргізілген цифрлық сауаттылық бағдарламалары мен фактчекинг тренингтері жастардың әлеуметтік желідегі ақпаратты сыни тұрғыдан бағалай алу қабілетін арттырды, бұл манипуляция ықтималдығын 40–45%-ға төмендеткен. Демек, жастарды жалған ақпараттан қорғау және олардың саяси белсенділігін дұрыс бағыттау тек технологиялық емес, білім беру және ақпараттық шараларды біріктіру арқылы ғана жүзеге асады.

Сонымен, TikTok пен Instagram қазіргі заманғы желілік қоғамдағы саяси әлеуметтенудің негізгі институттары болып табылады. Олар жастарды белсенді саяси қатысуға тартып, саяси сананы қалыптастыруға ықпал етеді, алайда олардың алгоритмдік табиғаты мен визуалды әсерін ескере отырып, медиасауаттылық пен ақпараттық білім беру шараларын күшейту қажет. Бұл Қазақстан жағдайында жастардың цифрлық платформалар арқылы саяси мінез-құлыққа ықпал ету механизмін терең түсінуге және болашақта қауіп-қатерлерді азайтуға мүмкіндік береді.

Әдебиет:

1. Castells M. Networks of Outrage and Hope: Social Movements in the Internet Age. — Cambridge: Polity Press, 2012. — 200 p.
2. DataReportal. Digital 2024: Kazakhstan. — 2024.
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы. Жастар және интернетті пайдалану туралы есеп. — Астана, 2023.
4. Reuters Institute Digital News Report 2023. — Oxford, 2023.
5. Pariser E. The Filter Bubble. — New York: Penguin Press, 2011.
6. Freedom House. Freedom on the Net: Kazakhstan 2023. — Washington, 2023..

**Асадуллаева Ф.М.**, Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А.Букетова, исторический факультет, гр. МО-23-3р, студент  
(*Научный руководитель – к.и.н., ассоциированный профессор Досова Б.А.*)

### **ВЛИЯНИЕ ПОЛИТИЧЕСКИХ ФАКТОРОВ НА РЕЗУЛЬТАТЫ МИРОТВОРЧЕСКИХ ОПЕРАЦИЙ ООН**

Миротворческая деятельность ООН берёт своё начало в 1948 году, когда Совет Безопасности принял решение направить на Ближний Восток военных наблюдателей для контроля за соблюдением соглашений между Израилем и соседними арабскими государствами. С этого момента Организация Объединённых Наций реализовала свыше 70 операций по поддержанию мира, в которых участвовали сотни тысяч военнослужащих более чем из 120 стран. Основная задача таких миссий заключается в использовании многонациональных контингентов для контроля прекращения огня, защиты мирного населения, содействия политическому урегулированию конфликтов и помощи в восстановлении государственных институтов и принципа верховенства права [1].

Несмотря на значительный опыт и институциональное развитие, миротворческая деятельность ООН в последние десятилетия всё чаще оценивается как находящаяся в состоянии кризиса. Ряд операций продемонстрировал ограниченную способность предотвращать эскалацию насилия и обеспечивать устойчивое постконфликтное урегулирование. Возросшая сложность современных конфликтов, расширение мандатов и несоответствие между поставленными задачами и реальными ресурсами усилили структурные проблемы миротворчества. В этих условиях вопрос об эффективности операций неизбежно приобретает политическое измерение.

Миротворческая деятельность ООН исторически была глубоко политизирована, поскольку любые операции по поддержанию мира реализуются на основе политических решений государств-членов. В то время как задачи миротворчества формулируются как универсальные и нейтральные, на практике именно политические интересы государств и взаимодействие между ними определяют содержание, полномочия и результативность миссий. На современном этапе эти политические причины продолжают оставаться одними из ключевых факторов, объясняющих непоследовательность, противоречивость и низкую результативность миротворческих операций.

Во-первых, ключевым ограничением миротворческой деятельности ООН остаётся её зависимость от политического консенсуса в Совете Безопасности. Совет Безопасности ООН обладает исключительным мандатом на учреждение, продление и изменение параметров миротворческих операций. Поскольку каждое из пяти постоянных государств (США, Великобритания, Франция, Россия и Китай) имеет право вето, принятие решений по ключевым вопросам миротворчества часто превращается в арену геополитических столкновений. Как отмечает аналитический обзор миротворческой практики ООН, споры великих держав о содержании мандатов способны приводить к формулировкам, не соответствующим реалиям конфликта, что снижает способность миссий выполнять поставленные задачи [2, с. 22]. Даже при формальных соглашениях в Совете Безопасности страны-доноры регулярно добиваются включения положений, ограничивающих действия миссий, что являет собой компромисс политических интересов, но в то же время ослабляет операционную эффективность. К примеру, в 2016-2020 годах Совет Безопасности неоднократно сталкивался с разногласиями по поводу расширения мандата миссии ООН в Южном Судане (UNMISS) в части защиты гражданских лиц и расследования нарушений прав человека [3]. Конфликт в Южном Судане, начавшийся в 2013 году как борьба между правительственными силами и оппозицией, быстро перерос в масштабную гражданскую войну с многочисленными этническими столкновениями, массовыми убийствами и вынужденным перемещением сотен тысяч людей. Несмотря на эти тяжёлые гуманитарные последствия и широкое международное обсуждение ситуации, процесс изменения мандата миссии продвигался крайне медленно и фрагментарно. В итоге UNMISS сталкивалась с серьёзными ограничениями в возможности реагировать на развивающиеся угрозы, защищать мирное население и документировать нарушения прав человека.

Во-вторых, кризис миротворчества усугубляется противоречивостью национальных интересов государств-доноров. Политическая поддержка миротворчества далеко не всегда определяется объективной потребностью в обеспечении мира. Часто она связана с национальными интересами государств-доноров. По данным Pew Research Center, на пике миротворческой активности в 1994 году общее количество